

Сүт тапсыру
маусымы
3-бет



Қызметіне адал
дәрігер
4-бет



Қазақстан поли-
циясы күніне орай
5-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 25 (7909)
Жұма,
17 маусым 2016 жыл

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ РЕСЕЙДЕ

Аза тұту күніндегі қолдау

Жуықта адамдар Қазақстан Республикасының Мәскеудегі елшілігі резиденциясына келіп, 5 маусымда Ақтөбе қаласында орын алған қайғылы оқиғаларға байланысты өздерінің көңіл айтуларын білдірді.



Ресей Федерациясы Үкіметі мен Сыртқы істер министрлігінің атынан Көңіл айту кітабына өзінің жазбасын Ресей Сыртқы істер министрінің орынбасары – статс-хатшы Григорий Карасин қалдырды.

«Осы ауыр сәтте біз достас әрі одақтас Қазақстанмен бірге терроризмге қарсы күресте, адамзатқа қарсы жаңа қылмыстардың бетін қайтаруда аса тығыз өзара іс-қимыл танытуға дайын екенімізді шешімді түрде мәлімдейміз», – деп жазады Г.Карасин.

«Адамзатқа жат террорлық актінің салдарынан Қазақстан азаматтарының қаза табуына байланысты» көңіл айтуын ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Николай Бордюжа да білдірді.

Аза тұту кітабына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше барлық елдердің елшілері, планетаның барлық құрлықтарынан өкілдік ететін алыс және таяу шетелдердің аға дипломаттары мен әскери аттасшелері өздерінің қолтаңбаларын қалдырды. Кітапқа өздерінің көңіл айтуларын жазып қалдыру үшін Ресей астанасының тұрғындары мен қазақ диаспорасының өкілдері кезекке тұрды.

Олардың барлығы Қазақстан халқына өздерінің қолдау сөздерін білдіріп, Ақтөбеде жасалған қанқұйлы террорлық шабуылды жазғыратындықтарын мәлімдеді. Осы лаңкестікке байланысты өзінің қолдауын ресейлік жазушы, «Ресейдің алтын қауырсыны» Кирилл Привалов былай деп білдірді:

«Осы күні біз Қазақстанмен, осы елдің халқымен біргеміз. Бұл елді мен отбасыммен бірге ежелден туған елім санап келемін. Қазақстандықтардың арқасында менің туған-туысқандарым жантүршігерлік эвакуация уақытында аман қалды. Олар болмағанда менің жақындарымның бәрі қаза тапқан болар еді. Және бүгінде біз Қазақстанның жанынан табылуға тиіспіз. Өйткені, Қазақстан, басқа да барлық өркениетті адамзат секілді, ешқандай моральдық критерийлер мен идеалдары жоқ аяр да арамза адамдармен ауыр да қатерлі, жасырын күрес жүргізіп келеді. Мен баршамыз күш біріктіріп, осы күресте жеңіске жететінімізге сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстан басшылығында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев секілді ұлы да тарихи көшбасшы отыр. Берік болындар, достар!».

6 маусымнан мәскеуліктер Чистые прудыдағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қоя бастаған болатын.

«Егемен-ақпарат».

Құрметті ақ халатты абзал жандар!



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің елеулі еңбектеріңіз ерекше құрмет пен сенімге ие, себебі сіздерді әрқашан жоғары жауапкершілік, адамдарға қызмет жасау, көмекке зәру жандарға қол ұшын беруге әрдайым даяр тұру сияқты қасиеттеріңіз ерекшелендіріп тұрады.

Сіздерге, туған-туысқандарыңызға мықты денсаулық, бейбіт өмір және отбасыларыңызға құт-береке тілейміз!



Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Әлемдегі барлық мемлекеттердің даму жолында мемлекеттік қызметтің қосар үлес салмағы ерекше. Тәуелсіздік алғаннан бері Президентіміз Н.Назарбаевтың бастамасымен мемлекетті қалыптастыру бағытында ауқымды істер атқарылды. Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайы үздіксіз даму жолына түсті. Қазақстанның осындай жетістіктерге жету жолында мемлекеттік қызметшілердің еңбегі де ерекше екенін ешкім жоққа шығармайды. Олар өз міндеттемелерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің егеменді, тәуелсіз, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына үлкен үлестерін қосты.

Ахметқали Нұрғожин, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

Құрметті полиция қызметкерлері!



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстандық полиция күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Полицияда қызмет істеу – маңызды әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Сіздерге қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қылмыспен күрес, оның алдын алу бойынша күрделі міндеттер жүктеледі.

Қазақстандық полиция өзінің құрылған күнінен бастап ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алға қойған міндеттерін табысты жүзеге асырып келеді.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтап, мінсіз қызметтеріңіз үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге және барлық туған-туысқандарыңызға мықты денсаулық, ырыс пен береке және еңбекте толағай табыс тілейміз!



Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Барлығыңызды Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздер ауданымыздың, өңіріміз бен еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келесіздер. Халық пен билік арасындағы алтын көпірге айнала отырып, Сіздер Елбасымыздың сарабал саясатын іске асыру бағытында тер төгіп отырсыздар. Отанымыздың жарқын болашағы, еліміздің игілігі үшін атқарар барлық еңбектеріңіз жемісті болсын. Отбасыларыңызға береке-бірлік, тыныштық және жақсылық салтанат құрсын. Дендеріңіз сау болып, жетістіктен жетістікке жете беріңіздер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Біз - қазақстандықтармыз!

Көктеректегі Сабантой

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған татар халық мейрамы Сабантой ауданда алғаш рет өткізілді деуге болады. Ол жергілікті тұрғындар мен аудан қонақтарының есінде жағымды әсер қалдырды.

Бейбітшілік пен еңбек мейрамы

Көктерек ауылындағы орта мектептің стадионында өткізілген мерекелік шараға тек ауданның ғана емес, Семей мен Зырян қалаларының да шығармашылық ұжымдары және этномәдени бірлестіктері қатысты. Аудандық көлемдегі Сабантой мейрамында Татарстанның астанасы – Қазан қаласынан келген кәсіби әртістер, Татарстан Республикасының еңбегі сіңген әртісі Хабдуна Темірғалиева мен көптеген конкурстар мен фестивальдардың лауреаты Ильгам Шарифтің өнер көрсетуі күтпеген жағдай болды.

Әсем безендірілген баннер, төрт киізүй орнатылып, оның бірінде мерекені ұйымдастырушылар кітаптар мен мерзімдік басылымдардың, Татар халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін баяндайтын фотосуреттер, аталмыш ұлттың жергілікті өкілдерінің – танымал мәдениет және өнер қайраткерлерінің қол



жеткен жетістіктерін көрсететін көрме ұйымдастырды. Сондай-ақ, Көктерек ауылының тұрғындары мен мереке қонақтары қолөнер шеберлерінің бұйымдарынан естеліктер сатып алу, әртүрлі татар ұлттық ойындарына, конкурстарға, спорт сайыстарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Сабантой мейрамы қасиетті Рамазан айында өткізіліп отырғандықтан, мерекені аудан имамы Шодихан-қажы Хидиров ашып, көпшілікке бата берді.

Жергілікті тұрғындар мен мереке қонақтарын аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтап, биылғы жылдың сәуір айының соңында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында маңызды оқиға – жалпыұлттық патриоттық «Мәңгілік ел» актісі қабылданды, мұны мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «жалпыұлттық идеяның құжатталған үлгісі» деп атағандығын айтып өтті.

(Басы. Соңы 2-бетте)

(Соңы. Басы 1-бетте)

-Аудан тұрғындары бұл идеяны толық қолдайды және барлық ұлт өкілдерінің достығы мен бірлігін нығайтуға барынша күш салады,- деді Ахметқали Ахашұлы. - Ағымдағы жылы бізде Достық үйі ашылып, жұмыс істей бастады.

Бұл мекеменің негізгі міндеті - ұлттық-мәдени орталықтар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың іс-қызметтерін ұйымдастыру және үйлестіру, ауданда өмір сүріп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерін, мәдениетін дамыту.

Достық үйінің жанынан төрт этномәдени - қазақ, орыс, татар және неміс орталықтары құрылып жұмыс істей бастады. Сондай-ақ, мұнда фольклорлық, вокалдық және хореографиялық ұжымдар құрылып жұмыс істеуде.

Татардың Сабантой мейрамы ежелден егін егу науқанынан соң өткізілетін болған. Бұл жұмыстар ауданда осыдан біраз уақыт бұрын ғана аяқталған еді. Биылғы егістік алқабының көлемі - 64600 гектардан астам болды. Аудан ди-хандары 22500 гектарға дәнді және бұршақдәндес дақылдарды, 19100 гектарға - күнбағыс, 1300 гектарға - картоп және 200 гектарға көкөністер екті. Ендігі міндет - өнімді шығынсыз жинап алу,- деді Ахметқали Ахашұлы.

Достықты нығайтуға қосқан үлесі үшін

Достық пен ұлттық бірлікті, этносаралық және діни ағымдар келісімін нығайтуға қосқан үлесі, Сабантойды ұйымдастыруға белсене қатысқандығы үшін аудан әкімі этномәдени бірлестіктердің көптеген өкілдерін Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапаттады. Олардың ішінде - білім беру саласының ардагері татардың «Чишма» ұлттық-фольклорлық тобының көркемдік жетекшісі Нәзира Шакирова, Зыряна ауданындағы неміс этномәдени бірлестігінің жетекшісі Виктория Ивлева, Зыряндағы Достық үйінің әдіскері Дильбар Самбаева, Көктерек орта мектебінің директоры Сәуле Қалиева, аудандағы славян және неміс этномәдени бірлестіктерінің жетекшілері Вера Дягилева мен Светлана Козуб және басқалар бар.

Аталмыш мерекеге Қазақстан Республикасындағы татар және татар-башқұрт этномәдени бірлестіктері Ассоциациясының президенті Ғабдулхай Ишмұратов қатысты. Мерекеге қатысушыларды құттықтаған ол татардың Сабантойы баяғыда-ақ этностық және мемлекеттік шекарадан асып, бүгінгі күні бүкіл әлемде тойланатын болғандығын атап өтті. Ол шынайы жалпыұлттық еңбек және халықтар достығы мейрамына айналған деді. Өртүрлі ұлттар достығын нығайтатын, олардың мәдениетін жақындастырып, өзара байытатын бұл мерекенің бүгінгі күні маңызы өте зор. Бұл туралы мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев та атап өткен.

Мерекеге Шығыс Қазақстан облыстық Қарулы Күштер ардагерлер кеңесінің төрағасы, ҚР ҚК құрметті ардагері Төкен Билялов та келді. Мереке қонақтары мен жергілікті тұрғындарды құттықтаған ол, қазақстандық қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудың маңызды екендігін атап өтіп, әсіресе, қазіргі уақытта болып жатқан қақтығыстар мен террористік актілер кезінде жастарға патриоттық тәрбие берумен барынша шұғылдануға шақырды. Катонқарағай ауданында бұл мәселеге аса зор көңіл бөлінуде. «Қарулы күштер ардагерлері» республикалық

Көктеректегі Сабантой

қоғамдық бірлестігінің Президиумы атынан Төкен Жүнісұлы екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиацияның Генерал-



майоры Талғат Жақыпбекұлы Бегелдиновтың медалін аудан әкімі Ахметқали Нұрғожинге және осы жолдардың авторы - жергілікті татар этномәдени бірлестігінің жеткшісіне табыс етті.

Ән, би, сайыстар

Мереке барысында Сабантойға қатысушылар көңіл көтеріп, ән айтып, би биледі, үлкен қазандарда палау пісіріліп, ет асылды, қонақтарға арналған киізүйлерде дастархандар жайылды. Жиналған халық көптеген конкурстар мен сайыстарға қатысты: татардың үздік ұлттық тағамы, үздік концерттік



Татарстанның еңбек сіңірген әртісі Хабдуна Темірғалиева

номер, татардың ұлттық киімі, тарша күрестен, армрестлингтен, гир спортынан, арқан тартудан, бөрене үстінде сабан толтырылған қапшықпен айқасудан, иінағашпен су тасудан, самауырға шоқ салудан сайыстар өткізілді...

Татардың үздік ұлттық тағамы сайысында аудандық экономика және қаржы бөлімі Белқарағай және Солдатово ауылдық округтерімен бірлесе қонақтар үшін тіккен киізүйдегі кулинарлар бірінші орынды иеленді.

Үздік концерттік номер бойынша Семей қаласынан келген татар ұлттық өнері мектебінің «Иртыш моңнары» фольклорлық тобының өкілдері жеңімпаз атанды, ал үздік татар ұлттық костюмі сайысында - кәсіпкерлік, өндіріс және туризм бөлімінің маманы үлкеннарындық Валентина Коконева жеңіске жетті.

Зыряна қаласынан келген неміс этномәдени бірлестігінің өкілі Антон Ивлев саксафонда ойнап, шеберлігі үшін жүлдеге ие болды.



Спорттық сайыстарда: татарша күрестен Катонқарағайдан Ержан Жұмағұлов, салмақ дәрежелері бойынша армрестлингтен солдатоволық Николай Тютенков, Катонқарағайдан Қуаныш Байзолдин, Үлкен Нарыннан Айгүл Боржыкенова, Көктеректен Флюра Камалиева, гир спорты бойынша - үлкеннарындық Марат Солтанов, балғындық Раджан Илиясов, арқан тартудан - Көктеректен нөмір бірінші команда (капитаны Асхат Назыров) жеңімпаз атанды.

Татардың ұлттық ойындары бойынша иінағашпен су тасудан белқарағайлық Рауан Мырзағалиев, бөрене үстінде сабан толтырылған қапшықпен айқасудан көктеректік Досжан Қамбаров, самауырға шоқ салудан - оның ауылдасы Әділ Дөленбаев үздіктер атанды.

Семей мен Зыряна қалаларынан келген қонақтар, жергілікті көркемөнерпаздар ұжымдары өз өнерлерін көрсетіп, қонақтар мен жергілікті тұрғындар үшін мерекені есте қаларлықтай етті. Қазаннан келген Хабдуна Темірғалиева мен Ильгам Шарифтің өнері Сабантойдың ажарын аша түсті.

-Менің үлкен сахнада жүргеніме 47 жыл болды, Қазақстанға оншақты рет концертпен келдім, бірақ сіздердің еліңіздегі Шығысқа мен алғаш рет келіп тұрмын,- деді Хабдуна Сейітғалиқызы. - Мен бұл өлкенің табиғатының әсемдігіне таңданып тұрмын. Бұл нағыз жұмақ жер екен! Бұл жердің халқы да көпұлтты, қонақжай, тату-тәтті екендігіне қуаныштымын!

Татарстан президентінен хат

Ғабдуна Темірғалиева мен Ильгам Шариф аудандық Достық үйінің ұйымдастырушылары мен татар этномәдени бірлестігіне Татарстан президенті Рустам Миннихановтың құттықтау хатын табыс етті. Оның қысқаша мағынасы мынадай:

«Татардың ұлттық мейрамы - Сабантойға қатысушылардың барлығын және қонақтарды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам бүкіл әлем татарларының сүйікті мейрамы.

Ұлттық нақышын жоғалтпаған Сабантой мейрамы барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдерін адал еңбекке, туған жерге деген сүйіспеншілік біріктіреді...

Биылғы жылы бұл мейрам Ресейдің 57 өңірінде және 20 алыс және жақын шетелдерде өтетін болады. Біздің халқымыздың Сабантой мейрамы - мәдениетіміз бен дәстүрімізді бүкіл әлемге паш ететіндігін мақтан етеміз. Біздің ұлттық мейрамымыздың Ресейдің көпұлтты мәдениетінің тамаша тарихына енгеніне қуаныштымыз. Шын жүректен сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік, игілік пен сәттіліктер тілеймін!»

ҚР татар және татар-башқұрт Ассоциациясының президенті Ғабдулхай Ишмұратов пен аталмыш

ұйымның Семейдегі филиалының директоры, Семей қалалық мәслихатының депутаты Рафаэль Хазипов аудандық татар этномәдени бірлестігіне жаңа кітаптар, ертегілер жинақтарын, татар тіліндегі дискілерді табыс етіп, мерекені ұйымдастырушыларға алғыс хаттар және ұлттық костюмдер сатып алу үшін қаржы ұсынды.

Мерекені ұйымдастырып өткізуге аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, білім беру, дене шынықтыру және спорт, ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімдерінің, БЖСМ, Үлкен Нарын, Новохайрузовка, Алтын-бел, Новополяковка, Белқарағай, Солдатово, Коробиха ауылдық округтерінің, мәдениет және тұрғындар демалысы орталығының, аудандық кітапхананың, жастар



орталығының, туристік-ақпараттық орталықтың, Үлкен Нарын орман шаруашылығының, аграрлық-техникалық колледждің және Көктерек орта мектебінің ұжымдары - Сабантой иелерінің қосқан үлестері зор болды.

Мерекені атап өтуге кәсіпкерлер - Ринат Жанқұлов, Гүлмира Ибраева, Жәнібек Елеусізов, Талғат Дүсіпов, Сәуле Тоқанова, Ғалым Нарестин және басқалар демеушілік қолдау көрсетті.

Бұл жолғы Сабантойды өткізу - ауданның бүкіл тұрғындарының ортақ Үйіміз - Қазақстан Республикасындағы азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайтудың жарқын көрінісі болды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



Новохайрузовка ауылында «Самай» шаруа қожалығы негізінде сүт қабылдау пункті ашылды.

Ауыл тұрғыны Татьяна Геннадьевна Белимова қосалқы шаруашылығындағы үш бас сиырды күніне екі мәрте сауады. Әйтсе де, сүт тапсырмайтын, өйткені аудан орталығы Үлкен Нарындағы май зауытын осыдан бірер жыл бұрын сатып алған «Зи» ЖШС-і сүтті тұрақты түрде қабылдамайды әрі өнім үшін өтемақыны уақытылы бермейді. Сауған сүтін Татьяна Геннадьевна сепаратордан өткізіп, қаймақ пен май жасап, Зырян қаласына апарып өткізетін. Бұдан былай, дейді ол, сүт қабылдау мен оның ақысын төлеу реттелсе, ал бағасы көңілге қонарлықтай болса, сүтті «Самай» шаруа қожалығына тапсыруды ойластырмақ. Біріншіден, бұл қаржы жағынан да пайдалы, екіншіден, өнімді өңдеп, оны сақтаумен шұғылдануға кететін уақытыңды үнемдеуге де тиімді.

Новохайрузовка ауылының көптеген тұрғындарының пікірі осындай. Новохайрузовкада ашылған сүт қабылдау пунктіне сыйымдылығы 1,5 тонна болатын сүт салқындатқыш – танкер орнатылған, ол өнімді Цельсий бойынша небәрі төрт градус жылылыққа дейін салқындатады. Ал оның қатарындағы бөлме әлдеқайда кеңдеу, мұнда бірден екі бас сиырды қатар қойып арнайы аппаратпен саууға болады.

«Бұл ғимарат кезінде кеңшардың иелігінде болған, ұзақ уақыт бойы мұны ешкім пайдаланбады, кейіннен біз мұны сатып алып, жөндеу жұмыстарын жүргіздік, онан соң, тиісті мемлекеттік бағдарлама бойынша несие алып, мал сатып алдық,» дейді шаруашылық басшысы Мәлік Зияда. «Бастапқыда етті бағыттағы мал өсірумен шұғылданбақ болдық, онан соң, сүт өндірумен шұғылдануға бел будық. Негізінен, алатау тұқымдас сүтті бағыттағы сиырларды сатып алдық. Құрал-жабдықтар Мәскеуден әкелінді, оларды біз «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы несиеге алдық.

Салалық бағдарлама аясында «Агробизнес-2020» бағдарламасы 50-100 бас ірі-қара мал басын ұстайтын сүтті-тауарлы ферманы құруға және кеңейтуге

бағытталған. Шаруашылық басшысының айтуынша, несие еш кедергісіз рәсімделген.

Биылғы жылдың жазында сауынға 50 бас сиыр қойылып, болашақта олардың санын көбейту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жеке сектордан сүт сатып алумен де шұғылданбақ. Бұл жұмыстарға машинамен сауу операторы, жүргізуші, сүт қабылдаушы және салқындатушы – танкермен жұмыс істейтін маман тартылмақ. Зыряндағы «Турайды» ЖШС-мен сүт тапсыруға келісім-шарт жасалған.

Мәлік Зияданың шаруашылығында 150 бас ірі-қара малы, 800 гектар жайылымдық, 300 гектарға таяу шабындық, 700 гектар жыртылмалы жерлер бар. Себу науқанын кәсіпорын дер кезінде аяқтаған. Сауын сиырлар табынының өнімділігін жақсарту үшін мұнда биылғы жылы пішен әзірлеу жоспарлануда, біртіндеп сүрлем әзірлеу де қолға алынбақ.



Сүт қабылдау пунктінің ашылу рәсімінде Мәлік Зияданы аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов, ауылшаруашылығы, өндіріс және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Рақымғали Байгереев, еңбек ардагері, шаруашылық басшысының анасы Африма Ғабдулхалыққызы Садуаева құттықтап, сәттіліктер тіледі.

«Мен ауданға келісімен, бірден

Мәлікпен осындай кәсіпорын ашу жөнінде келісім-сөз жүргіздім,» деді аудан әкімі. «Өйткені бұл облыс әкімі Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың тапсырмасы. Мәлік сөзінде тұрды. Алдағы уақытта біздің ауданымызда Солоньковка ауылында 100 бас сиырға арналған сүт өндіру фермасын салу жөнінде жоба жүзеге асырылмақ. Бұл тек бастама ғана. Мұны көрген басқалар да сүт



өндіретін және басқа да фермалар ашуды қолға алулары мүмкін. Өйткені, бүгінгі күні сүт өнімдері үлкен сұранысқа ие, тұтынушылар сапасы күмәнді сүт өнімдерін дүкендерден сатып алғанша, табиғи сүтті сатып алуға ұмтылатын болады. Оның үстіне, сүт тапсыру – отбасылық бюджетті толықтыруға мүмкіндік береді. Біз бұл шараға Үлкен Нарын өңіріндегі бес ауылдық округтердің әкімдерін бекер шақырып отырған жоқпыз: олар новохайрузовкалықтардан үлгі алулары тиіс.

Онан соң, М. Зияда ауыл тұрғындары мен аудан орталығынан келген қонақтардың сауалдарына жауап берді. Көпшілікті сүт жинаудың шарты, оның бағасы және есептесу тәртібі қызықтырды. Бұл сауалдарға жауап берген шаруашылық басшысы жиналғандарға сүт сапасын анықтайтын жаңа құралды көрсетті.

«Сүттің бағасы оның сапасына байланысты болады,» деді ол. «Бұл құрал 40 секундтың ішінде белоктың құрамын, майлылығын және өнімдегі судың бар-жоқ екендігін анықтайды. Сондықтан, сумен сұйылтылған сүт бізде қабылданбайды, жұмысты адал істеу қажет. Сүттің майлылығы 3,6-3,9 пайыз болса, оның әрбір литріне шамамен 50-55 теңге төлейтін боламыз. Есептесу аптасына бір мәрте немесе айына екі рет жүргізілетін болады.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

19 маусым - Медицина қызметкерлері күні

«Дәрігер – адам өмірі мен жандүниесінің терең білімін меңгерген, кез келген түрдегі күйзеліс пен ауруды түйсікпен түсіне алатын және әлемді өзінің бір келуімен ғана қалпына келтіретін адам»
Анри-Фредерик.



Адам жанын ажалдан арашалап, дертіне дауа тауып, көмек қолын созуға дайын тұратын жандар, ол – дәрігерлер. Кез-келген науқастың көңіл-күйіне, ем алуына аса ұқыптылықпен қарап, жылы сөзін айтудан жалықпайтын қасиет те ақ халаттыларға тән. Күнделікті күйбің тіршілікке қарамастан алдына келген әрбір науқастың қасынан табыла білетін дәрігерлер дәйім мақтау мен мадақтауға лайықты. Шындығында да үстіне киген ақ халаттарындай жүректері де таза, пейілдері де ашық, көңілдері кіршіксіз жандарға көптің айтары тек алғыс болар. Елдің ерекше ықыласына бөленген аяулы жандар біздің арамызда да жүр.

Үлкен Нарын ауылындағы аудандық орталық аурухананың дәрігері Назгүл Сайранбекқызы Жакижанова 1989 жылы Катонқарағай ауылының тумасы. Орта мектепті тәмамдаған соң, Семейдегі медицина университетіне оқуға түседі. Жастайынан «дәрігер болам» деген арманы орындалып, аталмыш оқу орнын 2014 жылы аяқтап шығады. Оқудан кейін, сол жылы аудандық орталық ауруханасының терапия бөліміне терапевт-дәрігер болып жұмысқа орналасып, қызметін адал атқаруда.

Қашанда жүзінен шуақ, жүрегінен мейірім төгіліп жүретін Назгүл Жакижановаға емделушілер үлкен сеніммен қарайды. Бір көргеннен-ақ оның болмысынан қарапайымдылық, кішіпейілділік тәрізді қасиеттерді көріп, тәнті боласың.

МЕДИЦИНА КӘСІБІ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АСЫЛЫ



«Өмірлік тәжірибесі жаңа басталған жас маманға ұжымға сіңісіп кетуге көп қиындық туған жоқ. Өйткені, болмысынан ашық, жарқын мінезді ол білмегенін сұраудан ұялған жоқ, білгенін іс жүзінде көрсете білуден тартынған жоқ. Үйрене жүріп шыңдалуда, әріптестерімен араласа жүріп тәжірибе жинауда, - дейді әріптесі жайлы терапия бөлімінің меңгерушісі Гафура Китапбаева.

- Осы саланың маманы болуыма, - дейді Назгүл Сайранбекқызы, - ұжымымның көп көмегі болғанын айтқым келеді. Барлығы да – біліміне білігі, жүрегіне тілегі сай, жайдары жандар. Емдеу ісінде азды-көпті еңбегім болып жатса, осы әріптестерімнің арқасы деп білемін.



Зульфира Касимова бұл мамандықты тектен-тек таңдамапты. Оның әкесі ұзақ жылдар бойы аурухананың шаруашылық меңгерушісі болса, анасы Гүлбаршын Касимова 40 жылдан астам уақыт осы мекемеде медбике болып қызмет атқарды. Сондықтан, мамандық таңдау кезінде дәрігер бол деп, әкесі кеңес бергенде ол көп ойланбады. Және бұл таңдауына бүгінде еш өкінбейтінін айтады.

Осыдан жиырма жыл бұрын Семей қаласындағы мемлекеттік медицина институтын емдеу бөлімі бойынша тәмамдап, 1996 жылдан бастап, аудандық ауруханада дәрігер-терапевт болып жұмыс жасады. Бүгінде ол №2 учаскесінің жалпы тәжірибелік дәрігері болып қызмет етеді.

Аурухана әкімшілігінің айтуынша, Зульфира Касимова ауруханаға түскен науқастарды барынша ілтипатпен қарап,

ем беруге тырысады. Кімді болса да бейне танысындай жайдары қарсы алады. Содан да емделушілер оған қаралуға ықыласты.

Медицина саласында науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтін орта буын қызметкері-медбикенің орны бөлек. Дәрігер емінің дұрыс нәтиже беруі медбикенің дәрігер тағайындаған ем-домды сауатты да қалтқысыз орындауында, алдындағы науқастың жәй-күйін дұрыс түсіне алуында. Бұл жұмысты адал қызметімен көрсетіп келе жатқан жандар аудандық орталық аурухананың №1 учаскесінің медбикелері - Нұрпейісова Райхангүл Зайнолдақызы мен Құсайынова Халида Рақымқызы. Екеуі де Көктерек ауылының тумалары, мектепті бітірген соң өмірлік жолы етіп, медицина саласын таңдаған.

Райхангүл Зайнолдақызы 1984 жылы Өскемен медучилещесін тамамдап, еңбек жолын Өскемендегі №1 қалалық ауруханада бастады. Кейін туған ауданына келіп, 1987 жылдан бері осы жерде табан аудармай қызмет жасап келеді.

Медицина саласында өзгерістер енгізіліп, алғашқы отбасылық дәрігерлік амбулаториялар құрылғаннан бері осы жерде жұмыс жасауда. Міне, содан бері 32 жыл өтті. Осыншама ғұмырын ауданның денсаулық сақтау саласына арнап келе жатқан жоғары дәрежелі медбикелер көптеген науқасты ауруынан айықтырып, елдің ризашылығына бөленіп жүр.

«Жоғары дәрежелі медбикелер алғыр жұмысы, біліктілігі мен білімділігі үшін әлденеше рет Алғыс хаттар ме грамоталарға ие болуда. Ұжымға сыйлы, ауыл-аймаққа қадірлі осынау жүрегінен жылылық нұры төгілген жандардың өз мамандығына қалтқысыз берілгенін жасаған қызметтерінен көруге болады, - дейді емхананың аға медбикесі Гүлжамал Сейтешқызы Садықова.

Әлемдік медицинаның тәжірибесінде науқас адамның ауруынан 80 пайыз сауығып кетуіне, ең алдымен, ықпал ететін дәрі-дәрмек емес, дәрігерлердің күтімі, яғни науқасқа деген адамгершілік қарым - қатынасы, еңбекқорлығы екендігі дәлелденген. Осындай мерейлі мамандықты таңдап, талап



Ұзақ жылдар бойы Р.Нұрпейісовамен қоян-қолтық бірге қызмет жасап келе жатқан Халида Рақымқызы Серебрянск қаласының медициналық училищесінің түлегі. Ол 1984 жылы аудандық аурухананың хирургия бөліміне медбике болып жұмысқа қабылданады. Кейін гинекология бөлімінде, ал 1999 жылы ме-

үдесінен шығып келе жатқан медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, әр жылдары жеміспен келіп, әрдайым ақ тілекке толы алғыстар серіктері болсын дейміз.

Жанар Қасымханова.
Суреттер автордікі.

19 маусым - Медицина қызметкерлері күні

ҚЫЗМЕТІНЕ АДАЛ ДӘРІГЕР

Маргарита Мұхтарқызы Катонқарағай ауданаралық ауруханасындағы жас дәрігерлердің бірі болғанымен, емдеу мекемесіндегі ең үлкен участокті басқарып отырған білікті маман.



Ол бірнеше жылдан бері диагностикалық және науқастарды емдеу қызметтері кіретін бастапқы медициналық көмек пен клиникалық-диагностикалық емханаға басшылық жасайды. Жауапкершілігі үлкен, міндеті де көп қызметтің жұмысы тек қана науқастарды қабылдап, диагноз қойып,

стационарлық немесе амбулаторлық емдеумен ғана шектелмейді. Облыстық, республикалық емдеу орындарына жолдамалар, квоталар алып беру, білікті мамандардың қабылдауына кезекке қою, жоғарғы орындарға ақпараттар

орнын тап басып тауып, тура жолдан таймай жүруінде отбасындағы тәрбиенің ролі үлкен. Кешегі тұлымы желбіреген қаршадай қыз М. Нұржақыпова ұяда көргенін ұшқанда іле білді. Өмірбойы «Өрел» кеңшарында қатардағы мал маманынан шаруашылықтың зоотехник-селекционері, бас зоотехнигі қызметтерін атқарған әкесі Мұхтар Тоқпаев пен анасы Алмаш бала тәрбиесіне зор көңіл бөлді. Алты баланы дүниеге әкелген олар, барлығын да еш нәрседен тарықтырмай, өсіріп-жеткізіп, жоғары білім әперіп, еліне, сүйікті Отаны Қазақстанға қызмет ететін маман етті. Бүгінде олар республикамыздың әр түкпірінде өз ісінің нағыз иесі болып қызмет істеп жүр.

«Мен өзіме өмір сыйлаған ата-анам мен Отан алдындағы борышымды бір сәтке де естен шығарған емеспін», дейді Маргарита Мұхтарқызы. «Ұстанған басты қағидам - адалдық, туралық».

Мединститутты ойдағыдай тәмамдап, қалалық ауруханаларда тәжірибеден өткен М. Нұржақыпованың алдында екі таңдау тұрды. Оның бірі қайнаған өмірдің ортасында, қалада тұрып, кез-келген емдеу мекемесіне дәрігер-терапевт мамандығы бойынша орналасу болса, екіншісі туған ауданына келіп, ауылдастарына қызмет ету еді. Маргарита көп ойланып, толғанып жатпай, бірден Катонқарағай аудандық ауруханасына келіп, дәрігер-венеролог болып орналасты. Өзіне таныс ұжым, тәжірибелі ұстаздар оның білікті маман болып қалыптасуына көмектесті. Айлар сырғып, жылдар жылжып өтті. Олармен бірге тәжірибе де келді. М. Нұржақыпованың бойынан дәрігерге,

басшыға тән қасиеттерді көре білген аурухана әкімшілігі оған жаңа лауазымдық қызметті ұсынып, емхана меңгерушісі міндетінде сынап көрді. Институттан алған білімін тәжірибемен ұштастыра білген М. Нұржақыпова бұл қызметте де аға әріптестерінің, емдеу мекеме басшыларының көңілдерінен шықты. Бүгінде ол ауруханадағы ең бір үлкен, әрі жауапты қызметті басқарып келеді. Ауруды емдеп жазғаннан оның алдын алғанды жеңіл деп білетін М. Нұржақыпова мемлекет енгізген бағдарламаларға селқос қарамайды. Ол басқаратын қызмет бес жылдан бері скринингтік бағдарламаны ойдағыдай жүргізіп, обыр, туберкулез, сусамыр, жүрек-қан тамырлары, сусоқыр (глаукома) сияқты қауіпті ауруларды ерте бастан анықтауда аянбай тер төгуде. Қол жеткізген нәтижелері де жаман емес. Елі үшін еткен еңбегі бағаланбай қалған жоқ. 2012 жылы «Жыл дәрігері» атағын жеңіп алды, аудандық, облыстық сала басшыларынан алған марапаттарының өзі қаншама?

М. Нұржақыпова қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Ол 2001 жылдан бері өз ұжымындағы кәсіподақ комитетіне жетекшілік етіп келеді. Кәсіподақ мүшелігіндегі 204 қызметкердің балығының еңбек және тұрмыстық жағдайлары Маргарита Мұхтарқызының назарынан бір сәтке де сырт қалған емес.

М. Нұржақыпова жеке өмірде де бақытты жан. Текті жерден шыққан, өңірге танымал азамат Мейірім екеуінің сүттей ұйыған отбасында екі ұл ержетіп келеді.

Бесаспап

Қайыңды ауылының тұрғыны болған Баянбаев Әбілмәжіннің отбасын мейірбикелердің және мал емгерлерінің ұстаханасы деуге толық негіз бар. Қарапайым малшы Әбілмәжін мен Құндыздан тараған жеті баланың барлығы да осы бір өмірдегі ең бір ізгі, ең бір бейбіт мамандықты таңдаған. Солардың бірі - Гүлмира Баянбаева. Ол 1980 жылы өзінің жүрек қалауымен медучилищені бітіріп, бір жарым жыл Алматыдағы онкологиялық институтта мейірбике болып жұмыс істейді. Осы жерде ол өмір мен өлімнің арпалысын алғаш рет көріп, сырқат жандардың дәрігерлік көмекке қаншалықты зәру екендігін, өз мамандығының бағасын жанымен ұқты. Алматыға арман қуған бойжеткен болып барып, Катонқарағайға оң мен солын таныған, біраз тәжірибе жинақтаған маман болып оралған Гүлмира Әбілмәжінқызы емдеу мекемесі қандай қызметті, недей міндетті жүктесе де, тиянақты орындай білді. Әйелдер босанатын бөлімде аналар мен нәрестелердің денсаулықтарын бақылап, олардың күтім жағдайымен ауысым бойы жұмыс істесе, хирургия бөлімінде де таңды-таңға жалғап, еңбек етті. Алайда, қанша шаршап-шалдықса да науқас жандардың өзіне білдірген бір жылы лебізінен, ризашылықпен қараған көзқарасынан бойы сергіп, шаршағанын ұмытып кететін.

2010 жылдан бері Гүлмира Баянбаева көз кабинетінде қызмет істейді. Басқа бөлімдерге қарағанда, жұмысы жеңілдеу көрінгенмен, жауапкершілігі үлкен. Сонымен бірге, бүгінде жалпы ауданда көз дәрігері тапшы. Сол себептен де, өткен күзден бері Г. Баянбаева көз кабинетінде жалғыз өзі қызмет істеп жүр. Біраз жылғы жинақталған тәжірибесінің арқасында

науқастарға жеңіл-желпі медициналық көмекті бір өзі көрсетеді, күрделілерін жолдама беріп, Зырянға немесе облыс орталығына жібереді. Науқастардың тиісті құжаттарын толтыру, жоғарғы орындарға



есеп беру де бір мықты маманның жүгі. Мұны да Г. Баянбаева еш мүдірмей атқара алады.

Қатал тағдырдың сойылы Г. Баянбаеваға да тиді. Осыдан бірнеше жыл бұрын құдай қосқан қосағы Сержан ойда жоқта қайтыс болып, үш баламен қалған Гүлмираның иығына отбасының барлық ауыртпалығы түсті. Алайда, алдына үлкен мақсат қойған Г. Баянбаеваны бұл қиындықтар мұқалта алған жоқ. Үйде ана, түзде еңбеккер бола жүре, екі ұл мен бір қызын ер жеткізді, оқытты. Қазір балалары аналарының бұл еңбегін ақтап жүр. Өскеменнің техникалық университетін тәмамдаған үлкен ұлы Дәурен Астанада, министрлікте бөлім бастығы. Одан кейінгі Дархан да жоғары

Балаларымен бақытты

Облыстың бас хирургі Марат Башабаев Катонқарағайға келген іссапарында Катонқарағай ауданаралық ауруханасындағы диагностикалық қызметтердің жұмысына оң баға бере отырып, әсіресе УДЗ (УЗИ) мен мен зертхана жасаған зерттеулерде ешқандай да жаңсақтық болмайтындығын сеніммен айтқан болатын. Бұл зертханадағы төрт маманмен бірге зертханашы болып еңбек етіп келе жатқан Ғайша Шәкіртованың еңбегіне де берілген әділ баға деп білген дұрыс. Ғ. Шәкіртованың еңбек кітапшасында «1982 жылы Катонқарағай аудандық ауруханасына зертханашы болып қабылданды» деген бір ғана жазу бар. Міне, содан бері ол табан аудармай бір орында 34 жыл тер төгіп келеді. Ғ. Шәкіртова негізінен стационарлық бөлім зертханашысы. Яғни, ол стационарда жатып емделетін науқастардан талдау (анализ) алып, емдеуші дәрігерге зерттеулерінің нәтижелерін беріп, сырқаттар ағзаларындағы ем қабылдағанға дейінгі және одан кейінгі өзгерістерді анықтап беріп отырады.

Ғайша Уәлханқызы заманауи медициналық қондырғыларды жете меңгерген. Ол Жапонияның РД-303 сандық спектрофотометрімен де Австралияның микроскопымен де, Ресейдің қанның қойылу

жылдамдығын тексеретін анализаторымен де еркін жұмыс істей алады.



«Ғайша Шәкіртова ауруханадағы ең тәжірибелі қызметкерлеріміздің бірі», дейді ол туралы ауданаралық аурухана директорының орынбасары А. Смағұлова. «Ұжымда сыйлы, науқастар арасында беделді».

«Қызметте жақсы маман, үйде ардақты ана бола білген Ғайша мен жұбайы Сайран Ерсалиннің балалары да мерейлерін үстем етіп, үлкен абыройға бөлеп келеді. Мектепті де, жоғары оқу орындарын да жақсы бағамен бітірген ұлдары Айқын мен Дархан, қыздары Еркежан өмірде өз орындарын тауып, жетістіктерімен ата-аналарын қуантуда».

Материалдарды даярлаған Жәнібек Қызыр. Суреттер автордікі.

■ Сұраңыз. Жауап береміз.



Жақында газетіміздің қоржынына Белқарағай ауылының тұрғыны, тыл еңбеккері, зейнеткер Құрманғали Қайдаровтан хат түскен еді. Бұл хатта Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға үлестерін қосқан тыл еңбеккерлеріне ағымдағы жылы 9 Мамыр Ұлы Жеңісті тойлау құрметіне ешқандай төлемдер төленбегені жайлы өкпесін білдіріп, бұл жағдайды анықтап беруін сұраған еді. Осы хат бойынша біз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Л.Тоқсановадан және азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы ЗТМО департаментінің бастығы М.Тлеубаевтан жауап беруін өтіндік. Олар төмендегідей жауап қайтарды.

«01.05.1930 жылы туған Құрманғали Қайдаровтың Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 05 сәуіріндегі №365 «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы» туралы Заңының 4 бабының 5 абзацы «1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қызмет жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР

Одағының ордендерімен және медальдармен марапатталмаған адамдар» сәйкес зейнетақысына қосымша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тыл еңбеккері ретінде төленуде.

Бүгінгі күні Қ.Қайдаровтың алып отырған зейнетақысы: жасына байланысты зейнетақы – 48148 теңге, базалық зейнетақы – 11965 теңге, тыл еңбеккері ретінде жәрдемақы – 4518 теңге.

2015 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің

мерейтойлық 70 жылдығы болғандықтан, республикалық бюджеттен әрбір ҰОС ардагеріне және тыл еңбеккерлеріне бір реттік қаражат қарастырылып, төленген. Биылғы жылы бұл мақсатта республикалық бюджеттен қаражат бөлінбеді. Салық түсімдері мол кейбір аудандар тыл еңбеккерлеріне бір реттік төлем жасауға мүмкіндіктері болды. Ал біз, дотациялық аудан болғандықтан ондай мүмкіндік болмады».

Жауапты даярлаған Жанар Қасымханова.

23 маусым - Қазақстан полициясы күні

ӘРІПТЕСТЕР, МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Катонқарағай аудандық ІІБ бастығы, полиция подполковнигі ҚОҢЫР-БАЕВ ЕРМЕК МАМАШҰЛЫ:

-Құрметті аудан полицейлері және ішкі істер органдарының ардагерлері! Катонқарағай аудандық ішкі істер бөлімінің басшылығы және өз атымнан бөлім қызметкерлерін және олардың отбасыларын Қазақстан полициясының құрылғанына 24 жыл толуымен құттықтаймын!

Осыдан 24 жыл бұрын қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң ел полициясының құқықтық мәртебесі мен оның қоғам мен мемлекеттегі ролі мен орнын анықтады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мұны халық алдындағы жаңа деңгей - мемлекет алдындағы құқықтық тәртіпті қорғаушылардың еңбегін бағалағаны деп қабылдады.

Осы кезеңдердің барлығында полицейлер әрдайым қылмысқа қарсы күрестің алғы шебінде болды, басты міндеттерін – азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етті. Бүгінгі күні АІІБ-де қылмысқа қарсы батыл күрес жүргізуге, құқықтық тәртіп пен ауданда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барлық жағдайлар жасалған.

Жас қызметкерлерді патриоттық тұрғыда тәрбиелеп, игі салт-дәстүрлерімізді сақтауда өзгелерге лайықты үлгі көрсетіп жүрген біздің ардагерлеріміз – К.Б. Бөленхановқа, Бақыт Қоңырбаеваға, Л.Т. Жақсылықовқа, Е.С. Сайыновқа, Ж.Ж. Жаңабаевқа және аудандық Ішкі Істер бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Ережелов Мейрамбек Пазылұлына ерекше ризашылығымды білдіремін.

АІІБ қызметкерлері заң қорғаушылар атағына лайықты екендіктерін көрсетті. Қызмет бабында қаза болған И.И. Иванов, Б.К. Текебаев, М.Т. Баженов жас полицейлер үшін қашанда үлгі және мақтаныш болмақ.

Қазіргі уақытта заңдылықтар мен құқықтық тәртіпті күзетуде АІІБ-нің аға кезекшісі, полиция майоры А. Нұртас, АІІБ ППБ кезекшісі полиция майоры Д. Кәсенұлиев, АІІБ кезекшісінің көмекшісі полиция старшинасы Р.Б. Исабаев, АІІБ ППБ кезекшісінің көмекшісі полиция старшинасы Д.А. Бұғыбаев, учаскелік инспекторлар – полиция майоры А.Д. Исанов, порлицияның аға лейтенанты Б. Қажеев, полиция капитаны Д.Әділов, полиция капитандары - Е. Смаилов, Р. Серікпаев, көмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар – полиция капитаны Д. Тлеуханова, аға лейтенант Ш. Дүйсенбекова, көші-қон полициясының инспекторы полицияның аға лейтенанты С. Қошпанов, әкімшілік тәжірибенің аға инспекторы полицияның аға лейтенанты Ш.М. Байжуминова, әкімшілік тәжірибенің инспекторы полиция аға лейтенанты Ж.Ж. Қонақбаев, жол-техникалық инспекцияның инспекторы полиция капитаны А.Ж. Кәсенов, лицензиялық рұқсат беру жүйесінің аға инспекторы Б.Е. Тлеудинов, уақытша ұстау изоляторының кезекшілері полиция старшиналары С. Уызбаев, Д. Қалиев және басқалар аянбай еңбек етуде.

Құрметті офицерлер мен сержанттар, ардагерлер! Бүгінгі Қазақстан полициясының даңқты мерекесі күніне орай барлықтарыңызға мықты денсаулық, бақыт пен Отан игілігі жолында атқарып жатқан қызметтеріңізге сәттіліктер тілеймін!

Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары полиция майоры ӘБЕНОВ ҚАНАТ ЕСІМБЕКҰЛЫ:

-Құрметті аудан полицейлері мен Ішкі Істер органдарының ардагерлері! АІІБ қызметкерлерін және олардың отбасыларын Қазақстан полициясының құрылғанына 24 жыл толуына байланысты құттықтаймын!

Биылғы жылы Ұлт жоспарының 30 қадамын жүзеге асыру мақсатында 5 институционалды реформаларды орындау бойынша «Жергілікті полиция қызметінің іс-қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңдылықтар актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға мемлекет басшысы қол қойды.

Жергілікті полиция қызметін құрудың мақсаты – оның атқарушы органдар мен жергілікті қауымдастыққа есеп беруі арқылы полицияның іс-қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болды.

Жергілікті полиция іс-қызметінің негізгі бағыттары:

- құқықбұзушылықтың алдын-алу;
- қоғамдық тәртіпті күзету;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын-алу және тосқауыл қою;
- қылмыстық әрекеттер бойынша хаттамалық үлгіде сотқа дейінгі тергеуді жүргізу және әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы іс өндіру.

Жергілікті жерлерде жергілікті атқарушы органдармен бірлесе әрекет ете отырып, қоғамдық жерлер мен көшелерде қоғамдық тәртіпті күзету, мал ұрлығының алдын-алу бойынша Катонқарағай ауылдық округінің әкімі Амантай Балтабайұлы Балтабаевпен, Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі Абайхан Мағауияұлы Ахметовпен сәтті жұмыстар атқарылуда.

Спирттік ішімдіктерді қолданатын азаматтарды айықтыру және жасөспірімдерді тәрбиелеу тұрығысында тұрақты түрде АІІБ қызметкерлерімен бірлесе қызмет етіп, аудан аумағындағы оқу мекемелерінде шылым шегу мен ішімдіктер пайдаланудың зияны туралы кездесулер өткізуде аудандық аурухананың дәрігер-наркологи Қадырбек Замзаулы Шыңғыстаев, Сержан Қабдрахманұлы Болаев



бізбен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Балалар арасындағы қылмыстың алдын-алу, сондай-ақ, өмірде қиын жағдайларға тап болған балаларға көмек көрсету бойынша қамқоршылық органының әдіскері Елубаева Айнұр Зарлыққызымен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жүргізілуде.

Аудан аумағында өсімдіктер мен жануарлардың, балықтардың үлкен табиғи қоры бар. Оларды күзетуді табиғатқорғау полициясының инспекторы полиция капитаны Мұқашев Асқар Владимирович пен полиция капитаны Толықпаев Рашид Сабыржанұлы жүзеге асырады.

Жоғарыда есімдері аталған әріптестеріміз барлығына уақытпен санаспай, үлкен өмірлік тәжірибелерін пайдалана отырып бізге қылмыспен күресуге және құқықбұзушылықтың алдын-алуға көрсеткен көмектері үшін зор ризашылығымды білдіремін.

2016 жылдың бес айында өз әкімшілік аумақтарында төменде есімдері аталған әріптестеріміз қылмыстар санын айтарлықтай төмендетті:

-Үлкен Нарын ауылдық округінде полиция майоры У.М. Қадыров, полиция капитаны Р.Р. Ақаев, полицияның аға лейтенанты М.Н. Жарқымбаев;

-Новополяковқа ауылдық округінде полиция капитаны Е.Е. Әсербаев;

-Аққайнар ауылдық округінде полиция капитаны К.К. Серсембаев;

-Коробиха ауылдық округінде полицияның аға лейтенанты Т. Б. Бөленханов.

Бұл күні қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігінің күзетінде тұрғандардың барлығына мықты денсаулық, отбасылық бақыт, қызметтеріне сәттіліктер тілеймін.

Көші-қон полициясының аға инспекторы полиция капитаны БАТЫР-ХАНОВА СӘУЛЕ АРҒЫНБЕКҚЫЗЫ:

-Құрметті АІІБ қызметкерлері және біздің ардагерлеріміз! Сіздерді Қазақстан полициясының күні – кәсіби мерекелеріңізбен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Сіздердің барлықтарыңызға мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілеймін және елімізде тыныштық пен бейбітшілік болсын.

Аудандық ІІБ көші-қон полициясының тобы азаматтардың жеке бастарын куәландырумен және тіркеумен, құжаттарды ресімдеп, берумен шұғылданады. Сондай-ақ, біздің қызметіміз шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға жергілікті жерде тұрақты өмір сүруге рұқсат берумен және осыған қатысты басқа да құжаттарды ресімдеумен шұғылданады. Сондай-ақ, аудан аумағына келген шетел азаматтарын тіркеу, ҚР аумағынан тыс жерлерге қоныс аударуға рұқсат беруді ресімдеу, сондай-ақ, алимент төлеуден бас тартушылар мен мемлекет алдында берешектері бар азаматтарды іздестірумен де біздің қызмет айналысады.

Көші-қон полициясы тобының қызметкерлері – көші-қон полициясының инспекторы аға лейтенант Қошпанов Самат, тұрғындарды құжаттандыру және тіркеу бөлімінің бас маманы Жанар Закарьянова өз міндеттерін аса зор жауапкершілікпен атқарады.



АІІБ канцеляриясының маманы ИВАНОВА ВАЛЕНТИНА КИРИЛЛОВНА:

-Мереке күні қазіргі уақытта зейнет демалысындағы АІІБ-нің бұрынғы басшылары – Өлен Байғазыұлы Мәжреновты, Шаймарданов Мансұр Шайзадаұлын, Айтқазин Қайратбек Жүнісбекұлын, Қолдыбаев Талғат Советұлын, Елемесов Бейсенбек Әлсенайұлын, ардагерлер – Жақсылықов Лұқбек Тұрсынханұлын, Ережелов Мейрамбек Пазылұлын, Кәсенов Ғабит Қамбарханұлын, Рамазанов Аманжан Қалибайұлын, Оразаев Нартай Қалқақұлын, Сайынов Еркін Сайынұлын құттықтай отырып, мықты денсаулық пен ұзақ өмір тілеймін.

Өмірден ерте озған әріптестеріміз – Әбижанов Мұрат Мағауияұлының, Ішкібаев Марат Солтабекұлының, Дубаев Қажымұқан Жұмақанұлының, Ожаров Есенаман Сүстенғалиұлының, Мोजанов Қасымжомарт Қайдешұлының, Қабдығалиев Баймұхамбет Сейітмұхамбетұлының, Батырханов Арғынбек Қисабекұлының, Қабдығалиев Серік Кәкешұлының, Қабдығалиева Гүлнар Баймұхамбетқызының, Қоңырбаев



Мамырғазы Мамашұлының, Сайынов Жұмаштың және басқалардың есімдерін біз ұмытпаймыз.

Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерін мерекелерімен құттықтай отырып, оларға мықты денсаулық, полиция қызметіне адалдық, бейбітшілік және сәттіліктер тілеймін.

Материалды даярлаған Катонқарағай АІІБ-нің штабы.

■ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

*Ақ жолдан айныма,
Ар сақта оны біл.*

(Шәкәрім)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар Қ.Дамитов атындағы орта мектепте үздіксіз жүргізілуде. Осыған байланысты ата-аналар оқуында, мектеп ұжымы мен оқушылар арасында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті қалыптастыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізіліп отырады.

Қоғамымыздың барлық саласында дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл қойып, олардан туындайтын зардаптарды жою бүгінгі күннің басты міндеті.

Осының айғағы ретінде Жеңіс күні қарсаңында мектебіміздің шақыруымен

қонақ болған «соғыс жылдарының балалары», қазіргі қарт зейнеткерлер апа-аталарымызбен өткізілген кездесу оқушыларға көп ой салды. Сондай қиыншылық кезде де, жоқшылықта өмір сүрген балалардың Отанға, Жеңіске деген ұлы махаббаты, күндіз-түні аш жүрсе де, алдағы жақсы күнге деген сенімдері алға жетеледі. Тарих беттерін парақтаған ардагерлер оқушыларға өз өмірлерінің үлгі боларлықтай сәттерін әңгімелеп берді.

Ел мүддесі үшін адал еңбек ететін азаматтар ғана мемлекетімізді алға дамытады. Еліміздің болашағы - ертеңгі жастардың қолында екендігін айтып, адал азамат болып өсулеріне тілектестік білдірді.

Мамыр айында кезекті ата-аналар жиыналысы өткізіліп, күн тәртібіндегі бірінші

ОҚУШЫЛАРҒА ОЙ САЛДЫ

мәселе бойынша мектептің кәсіподақ комитетінің төрайымы С.Райымова «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық және ол үшін жауаптылық» туралы ата-аналарды таныстырып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 18 қарашадағы 2015 жылғы ҚР заңының күшінің жойылғандығы туралы және 1 қаңтар 2016 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР заңының жаңа нұсқасының қолданысқа енгені туралы айтылды.

Осы Заңның демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік

қызметте ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталғандығына баса назар аударды.

Аталмыш шаралар болашақ ұрпақтың бойында қоғамдық індетке қарсы көзқарас туындататыны белгілі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, оқушылардың ғана емес, жұртшылық арасындағы құқықтық сауаттылықты арттырып, түсінік жұмыстарын жүргізу қажеттілігі маңызды екендігі белгілі.

Гүлназ Қабдыкәрімова, Қ.Дамитов атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Қазба жұмыстары басталды

Былтырғы 2015 жылы Берел қорғандарында болып қайтқан Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.К.Ахметов Берелдегі қазба жұмыстары мен одан табылған жәдігерлерге қызығушылық танытып, облысымыздағы археологияны дамытуға қомақты қаржы бөлетіндігі туралы айтқан еді.

Енді міне, соның нәтижесінде «Патшалар жазығында» мамыр айының 23-нен бастап № 2 қорғанда қазба жұмыстары басталып кетті. Мамыр айының 29 жұлдызы күні Берел қорғандарында облыс әкімі Д.К.Ахметов арнайы іс-сапармен болып қайтты. Қазба жұмыстары жүріп жатқан далалық лагерьде облыс әкімі профессор, археолог Зайнолла Самашевпен кездесіп, қазба жұмыстарының барысымен танысты. Одан бөлек «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайындағы жәдігерлер көрмесін көріп, қазба жұмыстары бойынша тәжірибеден өтіп жатқан С.Аманжолов атындағы ШҚМУ студенттерімен кездесті.

- Біздің мақсатымыз - өз тарихымыздың



тереңде екендігін дәлелдеу, келешекке насихаттау,- деді облыс әкімі өз сөзінде.

Жалпы, Берелдегі әйгілі «Патшалар жазығында» биылғы жылғы қазба жұмыстары тікелей облыс әкімдігінің қолдауымен жүргізілуде.

Алмас Сарбасов, Берел тарихи-мәдени қорық мұражайының бөлім басшысы.

Катонқарағай ұлттық табиғи паркінің құрылғанына - 15 жыл

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Катонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 2001 жылы 17 шілдеде құрылған. Ұлттық парк аумағында 60-тан астам түрлі сүтқоректілер, 260-тан астам құстардың түрі, 720-дан астам өсімдік, 10-нан астам балық түрлері кездеседі.



Қазіргі уақытта табиғатты қорғаудың «Қызыл кітабына» енгізілген аса сирек кездесетін 33 түрлі құс және жануарлар бар. Құстардан сұр құр, тундра шілі, ақбас тырна, лашын, тұйғын, алтай ұлары, қара тырна, қаршыға т.б., ал жануарлардан қызылқасқыр, сусар, қар барысы, елік, күдір, бұлғын т.б. жатады. Бұл жан-жануарлардың ішінде тек Алтайдың табиғи кешендеріне тән эндемик жануарларына балықтардан - хариус, құстардан - сұр құр, тундра шілі, омыртқалылардан - күдір, құну, бұлғын кіреді.

Алтайдың табиғат жағдайы таңданарлық әсем таулы - орманды ландшафтыларымен, қоңыржай континентті климатымен,

қысқа

және қоңырсалқын жазымен, қарлы және жұмсақ қысымен ерекшеленеді. Катонқарағай Ұлттық паркінің ең басты бағыттарының бірі - ол туризм. Катонқарағай - туризмнің ерекше қанат жайып өркендеуіне ыңғайлы аймақтың бірі болып табылады. Алтайдың таулы өңірі - бірегей және қайталанбас табиғат сұлулығымен, алуан түрлі флора және фаунасымен танымал.

Ал, туризмді дамыту - жоғарғы кірісті, жаңа жұмыс орындары ашылатын, ұлттық экономика мен қоғам мәртебесін көтеретін болғандықтан, келу және ішкі туризмнің дамуына жағдайлар жасау керек. Ең бастысы - көлік жүретін көпірлердің және жолдардың сапасын жақсарту қажет деп ойлаймын.

Сондықтан да, ауданымызда халықаралық бәсекеге қабілетті туризм индустриясын дамыту үшін мемлекеттік қолдау аса қажет.

Аян Қоңырбаев, Катонқарағай ұлттық табиғи паркі Берел филиалының директоры.

Табиғат және біз

Қасқыр - табиғат санитары



Қасқыр атауы - бізге бала кезден таныс. Ертегілерде оны орынсыз ақылсыз етіп көрсетеді. Негізінде, қасқыр - өте күшті, батыл, ержүрек жыртқыш. Ақылы мен айлалы түлкіден асып түседі. Үлгілдеген құйрығы мен аяқтары ұзын, сымбатты да, күшті жыртқыш ірі овчаркаға ұқсайды. Денесінің ұзындығы 100-130 см. болады. Салмағы 20-35

кг. Терісі - ашық сұр түстен қара түске дейін болады. Қасқырлар 15-16 жыл өмір сүреді. Басқа аңдармен қоректенеді. Қоян, бұлан сияқты түз тағыларымен қоректеніп, ірі-қара малдарға ұйымдасып шабуыл жасайды. Жазда жұп болып өмір сүреді. Аналығы екі ай буаздықтан кейін, 14-ке дейін бөлтірікті дүниеге әкеледі. Жылдың суық мерзімінде топ болып жиналады, сөйтіп тек жабайы, не үй жануарлары ғана емес, адам өміріне де қауіп төндіреді.

Қазақстанда қасқырды атуға жыл сайын рұхсат беріледі. Бірақ, қасқырды түгелдей жойып жіберуге болмайды. Бұл - табиғат санитары. Себебі, кез-келген жыртқыш сияқты, ол да біріншіден - ауру немесе әлсіз жануарлармен қоректенеді. Яғни, табиғаттағы табиғи сұрыптаудың маңызды факторы болып табылады.

Серік Наукин, Үлкен Нарын орман шаруашылығы Көктерек орманшылығының күтуші-қорықшысы.

Ұлы Жеңістің басталғанына 75 жыл толуына орай



«ҮМІТІНДІ ҮЗБЕ, АМАН-ЕСЕН ОРАЛАМ...»

Бұл жолдар Катонқарағай ауданының тумасы Ерғазы Байболовтың 1944 жылдың басында зайыбы Дәметкенге майданнан жазған хатынан алынды.

Ақсу ауылының тұрғыны Қорған Ерғазыұлы Байболовқа әкесін тірідей көруге жазбаған екен: ол 1942 жылы Ерғазы майданға аттанған соң туған бала. Жұбайын тұңғышымен құттықтаған хатқа Дәметкен ұлының кішкентай алақанының суретін салып жібереді. Сол сәтте ол шалғайда жүрген сүйіктісі жансыз суреттен сәбиінің иісін сезетіндігін көзіне елестететін...

...1943 жыл. Қара күзде Екінші Брянск және Бірінші Балтық майдандарының әскерлері майданның Витебск-Полоцк бағытында қан майданда жүрген еді. Қалалық операцияның нәтижесінде жау әскерлері талқандалып, Витебск маңайындағы стратегиялық бағыттарды Кеңес әскерлері басып алды. Бұл жағдайда артиллериялық қарулар үшін оқ-дәріні жедел жеткізудің маңызы зор еді.

Гвардия майоры, 4-ші дивизияның командирі Бедарев қол қойған марапаттау парағында былай деп жазылған:

«1943 жылдың 23 желтоқсанында оқ-дәрілерді ұрыс даласына тасымалдау кезінде №П-9-06-90 автомобилі жау оғының астында қалды. Снаряд жарықшағы тигендіктен, көлік тоқтап қалды. Бірақ, бораған оқтың астында қалса да жолдас Байболов абыржыманды, көліктің ақауын батылдықтап жөндеуге кірісті. Жау автомобильге бағыттап, оқты бората түсті. Жаужүрек солдат Байболов ауыр жарақат алды, бірақ ол жарақатына қарамастан жұмысын жалғастыра берді, ақауды жойып, көлікті іске қосты. Жөндеген автомобиль оқ-дәрілерді дер кезінде тиісті орынға жеткізді».

Осы ерлігі үшін Ерғазы Байболов «За отвагу» медалімен марапатталды. Жарақат алған біздің ержүрек жерлесіміз біраз уақыт госпитальда емделіп, соңынан тағы да қатарға қосылды.

1944 жылдың жазында құрамында Е. Байболов соғысқан Бірінші Прибалтика майданы Белоруссияны азат етуге қатысты. 23 маусымнан бастап, Үшінші Белорус майданының әскерлерімен бірлесіп жауға соққы берген Ерғазы қызмет еткен полк Витебск-Оршанск бағытында немістің «Орталық» деп аталатын әскерін талқандады. Осы майданда 136 Витебск атқыштар полкының құрамындағы 1-ші батальон, 1-ші атқыштар ротасының командирі Ерғазы Байболов ерлік жасап, үшінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

Полк командирі майор Хамидуллин қол қойған марапаттау парағында:



«Витебск облысының Высочай және Куртеник деревняларының маңында жаудың шебін бұзу кезінде жолдас Байболов бірінші атқыштар ротасы взводтарының командирлерімен байланыс орнатты. Лучеса өзенін азат ету барысында жолдас Байболов бірінші болып батыс жағалауға шықты және осы ерлігімен рота солдаттарына үлгі болды. Руда деревнясының маңында болған шайқаста жолдас Байболов взвод командирі ретінде шабуылдау кезінде ерекше белсенділік көрсетіп, автоматтан 11 неміс солдатының көзін жойды...»

1944 жылдың 28 шілдесінде, марапаттау туралы бұйрық шыққан соң, үш күннен кейін Ерғазы Байболов Вильнюсты азат ету кезінде ерлікпен қаза тапты...

Зайыбына және ұлына жазған соңғы хатын Ерғазы 1944 жылдың қаңтарында Мәскеу қаласындағы госпитальда Лучеса өзенін азат ету кезіндегі ұрыста алған жарақатынан емделіп жатқанда жіберген еді. Бұл хатында ол: **«Соғыс бітуге таяп қалды. Үмітіңді үзбе, аман болсам елге ораламын»** деп жазған еді. Конвертке суретін де салып жіберген.

Бұл оның соңғы хаты болды. Жарты жылдан соң, Дәметкенге Литвадан қара қағаз келді. Соңғы хатында уәде бергенмен, Ерғазы зайыбы мен ұлын көре алмады... Тек Ұлы Жеңістің 70 жылдығынан соң ғана, Қорған Ерғазыұлы әкесінің ерліктері, наградлары, соңғы уақытта қай жерде соғысып, дәл қай күні қайтыс болғанын білді...

Шамиль Багаутдинов, Сурет Байболовтардың отбасылық мұрағатынан алынды.

■ Сізге қалай қызмет етеді?

НАҚТЫ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛҒАН

Қазіргі заманға сай қоғамның өркендеуі үшін мемлекеттік қызмет маңызды роль атқарады. Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет көрсету саласында түбегейлі өзгерістер болды, біріншіден тұрғындарды үнемі мемлекеттік қызмет көрсетуден және оларды алу тәсілдері туралы хабардар ету. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына нақты талаптар қойылған, ешқандай кемсітудің азаматтардың құқықтары бекітілген.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудың бірден бір құралы-сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау, мемлекеттік органның құқығы мен міндеті, сапалы қызмет көрсету мониторингісінің тәртібін жүзеге асыру.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде ішкі бақылау шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету мониторингісінің іс-шаралары өткізіледі. Бірінші тоқсанда бөлім мандары тарапынан 145 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты арнайы стендте көрсетілген, **2-94-53** сенім телефоны жұмыс істейді. Аудан әкімінің сайтында бөлімде көрсетілетін қызмет түрлері орналастырылған.

Қызмет көрсету мониторингісінің мақсаты бойынша бөлім қызметкерлері қызмет түрлері арналымен кездесулер өткізеді. Бөлімде ең көп сұранысқа ие болып отырған қызмет - әртүрлі жәрдемақыларды тағайындау.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қалыптасқан тәжірибе талаптарын зерттеу нәтижесі қызметкерлер міндеттерін тиімді жүктеу, қызмет алушыларға мұқият көңіл бөлу, қажетті ақпаратқа қолжетімділік, қоғам тарапынан берілген баға, тиімді әрі нәтижелі жұмыстың негізін құрайды, ал ол бөлімінің іс-қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға мүмкіндік береді.

Лаура Тоқсанова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Зейнетақы бес пайызға артады

2018 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының қосымша 5%-ын белгілеу есебінен жаңа шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесін (ШЖЖ) енгізу қарастырылды. Анықтамасының өзі анықтап тұрғандай, бұл салымдарды жұмыс беруші енгізеді, сондықтан олар азаматтардың меншігі болмайды және мұраға қалдырылмайды.

Осыған байланысты соңғы кездері халық арасында түсінбеушілік, одан қала сенімсіздік орын алуда. Оның себебі де бар. Жұмыс істейтін азаматтардың көпшілігі 10% міндетті зейнетақы жарналары болғандықтан, ЖМЗЖ-ның не үшін енгізілетінін білмей дал болуда. Олардың көпшілігінде жаңа өзгерістердің енгізілуіне орай жұмыс берушілер де жалақыны дәл сол 5%-ға азайтуы мүмкін деген үрей бар.

Халықтың бұлай үрейленуі еліміздегі азаматтардың қаржылық сауаттылығының әлі де болса төмен деңгейде болуына байланысты. Ақпараттың қолжетімділігіне қарамастан, елімізде салымшылардың инвестициялық табысын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) алып отыр деп ойлайтын адамдар да кездеседі. Мұндай жаңсақ пікір қасақана ниеттен емес, зейнетақы мен қаржы жүйесінің жұмысын түсінбегендіктен туындап отыр.

Енді ШЖЖ енгізу мәселесін барынша қарапайым тілмен түсіндіріп көрейік. Бүгінгі таңда зейнетақы үш бөліктен тұрады, олар – базалық, ортақ және жинақтаушы.

Базалық – ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТК) 50%-ы. 2016 жылы ЕТК-нің жартысы 11 429 теңгеге тең болды. Зейнетақының бұл бөлігі еңбек өтіліне қарамастан зейнеткерлердің барлығына мемлекеттік қазынадан төленеді.

Ортақ. Бұл зейнетақыны 1998 жылға дейін аз дегенде жарты жыл еңбек өтілі болған адамдар алады (оған ЖОО-да оқыған кезең де кіреді). Яғни зейнетақының бұл бөлігін 1979-1980 жылдары туылған азаматтар соңғы рет алатын болады. Зейнетақының бұл бөлігі де бюджеттен беріледі.

Енді жинақтаушы зейнетақы бөлігіне тоқталайық. Бұл әлдеқайда жеңіл. Жинақтаушы жүйе дегеніміз салымшының өзі аударатын жинақ бөлігі, басқа сөзбен айтқанда 1998 жылдан бастап жалақыдан жеке зейнетақы шотына аударылып отыратын, дәулетті көрілікті қамтамасыз етуге арналған 10% зейнетақы.

Бұдан «зейнетақы бір нәрседен болса да жиналуда, онда ШЖЖ не үшін енгізу керек?» – деген сұрақ туындайды.

Мұның сырын анықтау үшін ортақ зейнетақыға оралайық. Сонау Кеңес одағы кезінде бір зейнеткер үшін төрт адам жұмыс істеген. Төрт еңбеккер тиісті салығын төлеп отырса, бір адам құрметті демалысының рахатын көріп отырған. Алайда, үкімет құлап, дағдарыс орын алған кезде халықтың жұмыс істейтін бөлігі айтарлықтай қысқарды, ал бұл мемлекет қазынасындағы түсімге де әсерін тигізді. 1998 жылға қарай бір зейнеткерге 1,8 жұмыскерден келіп отырды.

Бұған қоса, сұрапай соғыстан кейінгі 50-60 жылдары бала туу өте жоғары деңгейді көрсеткен болса, 90-шы жылдары бала туу деңгейі өте төмен көрсеткішке жеткен. Осыған орай, бүгінгі жұмыс істейтін жастар (25-30 жас) зейнеткерлерді (65-

75 жас) толық көлемде қамтамасыз ете алмайды, себебі жұмыс істейтін халық саны кеңес заманымен салыстырғанда екі есеге азайған. Бірақ бүгінде бір зейнеткерге шаққанда жұмыс істейтін әрі зейнетақы жарналарын үздіксіз аударатын адамдар саны 90-жылдардың аяғына қарағанда біраз болса да көбейген – 2,2. Осы деректерді және 1998 жылға дейінгі еңбек өтілінің барған сайын азайып келе жатқанын ескере келіп, ортақ зейнетақы бөлігін біртіндеп ауыстыру қажеттілігінің туындағанын көреміз.

Қазақстан халқының белгілі бір бөлігі БЖЗҚ-ның үлгілі салымшылары емес екенін ұмытпаған жөн, олар зейнетақыны өте сирек аударды немесе мүлдем аудармайды. БЖЗҚ-дағы 10 миллион шоттың ішіндегі БЖЗҚ-ға үздіксіз жарналар аударатын салымшылар саны 6,4 миллион адамды немесе халықтың жұмыс істейтін бөлігінің 75%-ын құрайды. Қалған белсенді, бірақ жарна аудармайтын тұрғындар да (ал ол 3,5 миллионнан асады) зейнет жасына толғаннан кейін «лайықты» зейнетақысын алғысы келеді.

Сондықтан жан-жақты есептеп, халықаралық тәжірибені игергеннен кейін ғана заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оның ішінде базалық зейнетақы да бар. 2018 жылдан бастап 10 жыл және одан аз өтілі болған немесе өтілі мүлдем болмаған жағдайда зейнетақы мөлшері ЕТК-ның 50%-на тең болады. Ол әрбір келесі толық жыл үшін 2%-ға ұлғайып отырады. Яғни 20 жылдық өтіл болғанда, базалық зейнетақы 70%, 30 жыл болғанда – 90%, ал өтіл 35 жыл және одан да көп болғанда 100% ЕТК-ны құрайтын болады. Бұған қоса өтіл еңбек кітапшасындағы жазбалармен ғана емес, БЖЗҚ-ға тұрақты аударылған зейнетақы жарналарымен де расталуы тиіс.

Зейнетақының жалпы сомасына жұмыс беруші есебінен төленетін жарналар да қосылуы тиіс. Жұмыс берушінің жаңа 5% міндетті зейнетақы жарналарының басты артықшылығы мынада: жұмыс беруші осы жарналарды аударатын зейнеткер (5 жыл және одан да көп өтілі болғанда) өзінің шартты зейнетақы шотындағы қаражаты таусылса да, осы құрамадауыштағы зейнетақыны өмір бойы алатын болады. Жинақтар мұраға қалдырылмайтын болғандықтан, жүйеден кеткен (қайтыс болған/басқа жаққа кеткен) адамдардың жинақтары басқа пулға қатысушылардың шоттарына бөлінеді.

ШЖЖ үлгісі тәжірибе үшін жасалған жаңа үлгі емес. Бұл Швеция, Норвегия, Латвия секілді және т.б. батыс елдерінде толыққанды жұмыс істеп келе жатқан зейнетақы үлгісі.

Зейнетақы жүйесі үздіксіз дамып отырады. Қазақстанның зейнетақы үлгісінде үш тараптың: мемлекеттің, жұмыс беруші мен салымшының қатысуы және олардың мүдделі болуы көзделген. Мемлекет зейнетақының базалық деңгейіне, зейнетақы жинақтарының сақталу кепілдігіне және БЖЗҚ-ның қызметіне жауап береді. Жұмыс берушіге және бәрімізге міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы әрі толық аудару мен қызметкердің шартты-жинақтаушы шоттары толықтыру жауапкершілігі жүктелген. Өйткені бұл – БІЗДІң болашағымыз.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры.

■ Жер реформасы

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ НҰҚСАН КЕЛТІРМЕҮІК

Қазақ халқы өзі мекендеп отырған жерін ежелден ата-бабамыздан қалған мұра ретінде жоғары бағалап, ғасырлар бойы сақтап, қилы-қилы тарихи кезеңдерде жан аямай қорғап келген, әлде де солай бола бермек. Себебі, баяғы заманнан бері қазағымызды қинаған, намысын қорлаған екі тауқыметтің бірі - жер дауы болған ғой. Бүгін де жер үшін ел арасында дауласу, соттасу, кетісу, жанжалдасу тоқтала қойған жоқ.

Халқымызда «Жер-Ана» деген киелі ұғым бар. Олай болса, біз «Жер-Анамызды» ардақтап қана қоймай, оның игілігін де көруіміз керек. Ол үшін жерге аянбай қызмет етіп, құтуіміз керек, сонда ғана ол өнімін беріп, халқымызды асырайды және табысын молайтады. Олай болса, «Қазақ жері ұлан-байтақ» деп отыра бермей, оның байлығын арттыруға тиіспіз.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің мақсаты – жер халықтың ырыздығы үшін жерді ұқсата алатын адамдардың қолына беру қажет, бұл әсіресе тек ауылшаруашылығына жататын жерлерге қатысты. Ал мұндай жерлерді тек игере алатын мүмкіндігі, қолында қажетті техникасы бар осындай жұмысқа икемді адамдарға беру керек. Қазақстанның жерін шет елге сату жөнінде ешбір заңда жазылмаған, мемлекет басшысы бұл туралы тұрақты түрде үнемі айтып келеді. Бірақ жер пайда әкелуі тиіс екендігі айдан анық, сондықтан біз ауылшаруашылығына бағытталған инвестиция мен жаңа тех-

нологиялардан бас тартпауымыз қажет. Бос игерілмей жатқан жер деген болмауы тиіс деп ойлаймын.

Еліміздің Ата заңында жер халықтікі болып бекітілген, бірақ сол жерді не игермеу, не өзгеге бермеу - мүлдем дұрыс емес, жердің иесі болуы керек, қазақ халқында жерді бұрыннан да бөлген, мысалы, мынау ана рудың жері, мынау мына рудың жері дегенді бәріміз де білеміз, бұл да тарихи шындық.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексі бұрыннан істеп келе жатқан заң жобасы, осыған тек бірқатар өзгертулер енгізілгені, жерге қатысты тартысты әңгіменің басталуына себеп болғанына байланысты Елбасы реформаға мораторий жариялап, елдің пікірімен санасу мақсатында 75 адамнан құрылған Республикалық комиссия құрды, ол тұрақты түрде жұмыс істеуде.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері талай күрделі, қиын түйіндерді Президентіміз үлкен көрегендікпен шешіп келеді, осы жолы да ол халықпен кеңесіп, жер мәселесі бойынша барлық ой-пікірлер мен ұсыныстарды сараптап, барлық жақтардың ойынан шығатын ортақ, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндігін туғызып отыр. Жер үшін ел азаматтарының барлығы жауапты, бірақ жер дауын желеу етіп, тәуелсіздігімізге нұқсан келтіруге болмайды.

Оразхан Тұрысбаев,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қазақстандықтар үшін мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып, балаларының оқуына ақша жинақтаудың жаңа тетігі жұмыс істейді

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ЖИНАҚТАУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстанда 2013 жылдан бастап Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (бұдан әрі – МБЖЖ) қызметін бастады.

Жүйе Қазақстан Республикасының әр азаматына өзінің атына немесе баланың атына білім беру жинақтау салымын ашып, оны болашақта Қазақстанның және шет елдердің колледждері мен ЖОО-ларында оқудың ақысын төлеу үшін жұмсауға мүмкіндік береді. Жүйенің

операторы «Қаржы орталығы» АҚ болып табылады.

Бүгінгі таңда **14 760 жуық білім беру жинақтау салымы** ашылды.

Білім беру жинақтау салымына МБЖЖ-ға қатысушы банктен ай сайын жылдық 10% сыйақы мен жыл сайын мемлекеттен 5% немесе 7% (жеңілдікті санаттағылар үшін) сыйлықақы есептеледі:

Мемлекет
сыйлықақысы
5%, 7%



Банк сыйақысы
14%



Салым бойынша
табыстылық **19,5%**
басталады

Білім беру жинақтау салымының артықшылықтары:

- Мемлекет сыйлықақысына табыс түрі ретінде салық салынбайды;
- Білім беру жинақтау салымдары 10 млн. теңгеге дейін Қазақстандық салымдарды кепілдендіру қорының нысаны болып табылады;
- Минималды бастапқы жарна – 3АЕК (2016 ж. 6 363 теңге);
- Жинақтау мерзімі – 20 жылға дейін;
- Мемлекеттің атынан ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ-ның 100% кепілдігімен банктен білім беру кредитін алу мүмкіндігі бар.

Білім беру гранты тағайындалған салымшының құқығы:

• жинақты мемлекет сыйлықақысымен бірге алу;

• ақшаны басқа баланың атына аудару;

• білімнің басқа деңгейлерін алу үшін жинақтауды жалғастыру.

Білім беру жинақтау салымын ашу үшін қажетті қадамдар:

1-қадам – МБЖЖ-ға қатысушы банктен бірін таңдау.


2-қадам – Білім беру жинақтау салымын ашу.

3-қадам – Бастапқы жарнаны енгізу.

Құжаттар:

- ата-ананың бірінің жеке куәлігі;
- баланың туу туралы куәлігі және ЖСН.

ҚР және шет елдегі мүлік пен капиталды жария ету!



ЖАРИЯ ЕТУ ! 31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 Ж. ДЕЙІН

ҚР тіркелмеген мүлікті жария ету



ЖАРИЯ ЕТУ !!!

31 желтоқсан 2016ж. дейін



Жария ету субъектілеріне кепілдіктер:

- * құқық қорғаушы және басқа да мемлекеттік органдардың тарапынан құқықсыз іс-әрекеттеріне қосымша кепілдік;
- * жария етілген мүлік тәркіленгенге жатпайды;
- * жария ету бойынша қылмыстық істер қозғауға тыйым салынады;
- * мәліметтердің толық құпиялығы сақталады.

БЕРЕКЕЛДІ!**ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ**

Үлкен Нарын ауылындағы «Күншуақ» балалар бақша-сы бақытты бүлдіршіндеріміздің күнделікті сыңғырлаған күлкілеріне толы. Осындай бүлдіршіндеріміздің арасында, дарынды да өнерлі балаларымыз көптеп кездеседі.

«Күншуақ» балалар бақшасының бүгінгі қуанышты жаңалығы - 4 жасар Айсұлу Серіктің ән байқауына қатысуы. Өнерлі бүлдіршін Айсұлу ән де салады, би де билейді.

Таяуда ол Алматы қаласында өткен Халықаралық «Күншуақ» фестиваліне қатысып, жүлделі І-орынды иеленді. Айсұлудың орындауындағы «Қос бәйтерегім» атты ән көрермендер ықыласына

бөленді.

Айсұлуды өнер жолына баулыған - музыкалық жетекшісі Ерік Қылышбаев. Айсұлудың жас өнерпаздар арасынан суырылып шығуы - біз үшін үлкен абырой.

Өнерің үстем болып, биіктерден көріне бер айналайын, Айсұлу!/- дей отырып, Қуанып ата-анаңды, Өнерің болсын биікте. Бүкіл ел тыңдап әніңді, Шаттанып өсші-күлімде! демекпіз.

Мадина Оженова,
«Күншуақ» балалар бақшасы
«Тұлпар» тобының тәрбиешісі.

Республикалық тұрақты жолаушылар мен жолжүкті автомобиль тасымалдауға қызмет көрсету құқығына ие болу үшін конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты ағымдағы жылдың 11 шілдесі күні Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 87, «ШҚО Катонқарағай ауданының тұрғын-үй коммуналды шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі мекенжайында республикалық тұрақты жолаушылар мен жолжүкті автомобиль тасымалдауға қызмет көрсету құқығына ие болу үшін конкурс өткізуді хабарлайды.

Конкурсқа төменде аталған бағдарлар шығарылады: Лот №1.«Катон–Ақсу»; Лот №2.«Катон–Өрел»; Лот №3.«Катон–Берел». Лот №4 «Боран-Кирзавод»; Лот №5 «Үлкен-Нарын-Көктерек»; Лот №6 «Үлкен Нарын - Ново-Поляковка».

Конкурсқа меншік түріне қарамастан, автокөлік құралдарына меншік құқығы немесе басқа заңды негіздерде ие болатын кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер Катонқарағай ауданы әкімінің аппаратына мына мекен-жайға жазбаша өтінімдерді ұсынады: **070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 87, «ШҚО Катонқарағай ауданының тұрғын-үй коммуналды шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі.**

Құжаттар берудің соңғы күні ағымдағы жылдың 8 шілде күні, сағат 18.00-ге дейін. Анықтама телефоны 8-72341-2-18-78.

КӨРМЕЛЕР КӨБЕЮДЕ

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Астана қаласындағы Ө.Марғұлан атындағы археология институтынан Берел мұражайына 300-ден астам жәдігерлер берілген еді. Осы кезден бастап мұражай қызметкерлері тарихымызды насихаттау және бабаларымыздың жүріп өткен жолын көрсету мақсатында, аудан бойынша көшпелі көрме ұйымдастыруды жоспарлаған болатын. Маусым айына дейін мұражай қызметкерлері 8 көшпелі көрме өткізді, оның бесеуі мектептерге, біреуі Катонқарағай ауылдық интернатында, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында аудан орталығы Үлкен Нарын және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Шығыс Қазақстан облысы әкімінің жүлдесіне арналған ХХ халықтық ойындар спортакладасында болып, Берел жәдігерлерінен көрме көрсетіп қайтты.

Маусым – қыркүйек айларының аралығындағы көрме жұмыстары «Берел» қорық-мұражайының әкімшілік ғимаратында және Берел жазығындағы – «Патшалар жазығында» өткізіледі. Маусым айында аудандық білім беру, дене шынықтыру басқармасы және «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының арасында бірлескен меморандум жасалды. Меморандум бойынша маусым айының 14-нен бастап ауданымыздағы 41 мектепке жаз уақытында көрме ұйымдастырылатын болды.

Алдағы уақытта тек қана аудан мектептерін ғана емес, қызығушылық танытқан еліміздің барлық азаматтарын және аудан оқырмандарын «Берел» қорық-мұражайына көрмеге келуге шақырамыз.

Жәния Сегізбаева.
Берел қорық-мұражайының экскурсоводы.

Алтынбел ауылының тұрғыны ардақты әкеміз Мамыров Әмірхан Болатханұлын 65 жасқа толуымен шын жүректен

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Асқар таудай әкем - бақытымсың, бағымсың,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсың!
Құтты болсын туған күнің, жан әке,
Сағынышым, қуанышым асқар шың.
Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қызың өзіңді.
Өмір - өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын,
Жанұямен мақтанамыз қашан да,
Арамызда Сіздей әке болғасын!
Туған күніңіз құтты болсын!
Ізгі тілекпен: зайыбың - Майра, қызың - Жазира, ұлдарың - Сағындық, Ермек, Сержан, балдызың - Гүлнар.


**БІІК МАҚСАТТАРҒА ҚАДАМ БАСАМЫЗ!**

Құрметті ұстаздар, сан жылдар армандаған биік шыңдарымыз бен мақсаттарымызға қадам бастырып, адамгершілік мұраттарын бойымызға сіңірген сіздерге алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Біздің 11 жыл мектеп қабырғасында алған білім қорымыз үлкен құрылыстағы қаланған әрбір кірпіш тәріздес екенін енді ғана түсінгендейміз. Ұлы ғұлама Абай атамиздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген өлең жолдары біздің өмір жолымызды анықтап бергендей. Біз үшін жанын салып, білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаздарымызға - атап айтқанда Қажеева Ләззат, Раханова Лиза, Садықова Гаухар, Нұрғалиева Назира, Екманова Раушан апайларымыз шын жүректен алғыс айтқым келеді. Сонымен қатар, қымбатты да қадірлі Сакеева Қажар және Жақсылықова Күлпаранға және барша лицей ұстаздарына рахмет айтамын.

Мың рахмет, сіздерге ұстаздарым,
Қажымай бізге берген білім нәрін,
Қолыма қалам алдым толғаныспен,
Ерекше ашылғандай бүгін дарын.

Сіздерге жас ұрпақты нағыз Қазақстан азаматы етіп тәрбиелеудегі адал да күрделі еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық және өз шәкірттеріңізді биік шыңдардан көрулеріңізге шын жүректен тілектеспін.

Айымгүл Тоқтарбаева,
Үлкен Нарын ауылдық лицейінің түлегі.



Дүкен ғимараты сатылады. Сондай-ақ қосалқы бөлшектерге 2013 ж.ш. ВА3 21114 автомобилі, тіркеме, ТЖЖ жылу фургоны (термофургон) сатылады. Бағалары келісім бойынша.
Тел. 87052824248; Үлкен Нарын а., Амангелді к-сі, 110 үй, 1 пәтер.

Үлкен Нарында 4 бөлмелі үй сатылады. Моншасы, бау-бақшалық жері және барлық шаруашылық құрылыстары бар. Бағасы 1 млн. теңге (саудаласуға болады).
Мекен-жайы: Октябрьская к-сі, 4 үй. Тел. 87779806702; 87715476028.

Үлкен Нарында еурожөндеуден өткен 2 бөлмелі пәтер сатылады. Интернет, телефон және кабельдік телевидение қосылған.
Мекен-жайы: Абылайхан к-сі, 114 үй. Тел. 87779775338; 2-94-72; 87021334553.

Аққайнар ауылында 1986 ж.ш. техникалық жағдайы жақсы ЗИЛ 130 самосвалы сатылады. Бағасы келісім бойынша.
Тел. 87058717256; 87771486913.

1993-1994 оқу жылында Чернова орта мектебін бітіргендігі туралы Мейменбаев Галымбек Казбековичтің атына берілген сериясы ОА-II №0094545 кәмілеттік аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

1980-1981 оқу жылында Чернова орта мектебін бітіргендігі туралы Таныбеков Кенжеканның атына берілген сериясы КВ №948661 кәмілеттік аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Катонқарағай ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұжымы осы бөлімнің әдіскерлері Кітапбаева Күлзағия Мәмиқызына - ағасы және Кітапбаев Қайырғазы Құрманғалиұлына қайынағасы

Жақсылықов Мұхтар Мәмиұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Өбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебінің ұжымы аудандық оқу бөлімінің әдіскері Кітапбаева Күлзағия Мәмиқызына ағасы және осы мектептің кітапханашысы Жақсылықова Балжанға әкесі Жақсылықов Мұхтар Мәмиұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Акция**ӨЗІҢНЕН БАСТА**

Тоқсанова Лаура Жұмақанқызы - Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы. 2015 жылы еңбек табысы - 2223,0 мың теңгені құрады. Зейнетақы қорына 188,285 теңге аударылды. Жеке меншігімде Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылында үй және үй жанындағы аумағы 0,006 га жер телімі, 1997 жылы шығарылған «masda capella» автокөлігім бар.

Меншік иесі
«Шығыс Ақпарат»
ЖШС-і. Директоры
М.Ә.Белдекбаев

Катонқарағай ауданы бойынша
«Шығыс Ақпарат»
ЖШС-нің бөлімі
«Арай» - «Луч» газеті
Бас редактор
Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Нұрзада Исабаева

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы,
Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 2948 дана: «Арай»-1682, «Луч»-1266. № 7813